

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Индер ауданы білім бөлімінің «Жамбыл атындағы орта мектебі» КММ бойынша «Атырау облысында білім беруді дамытудың 2021-2023 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасы аясында «Мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы» курсынан кейінгі атқарылған жұмыстар 2022 жыл 21.09.

Мектептегі тәжірибе кезеңінен соң деректер жинақтай отырып, 2021 жылдың 13 желтоқсаны мен 2022 жылдың 25 мамыр аралығында жоба жұмысы жалғасты. Сапалы жұмыс үшін команда құрылып, команда мүшелеріне функционалдық міндеттері таныстырылды.

Деректер жинақтай отырып, жобамыздың тақырыбы анықталды: "Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары арқылы оқушылардың оқу белсенділігін арттыру". Мақсаты: Қалыптастырушы бағалаудың белсенді тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың өзін – өзі, өзара бағалау дағдыларын қалыптастыру.

*Бір-бірін оқыту

*Тәжірибе алмасу

*Іскерлік байланыс

*Қайта жоспарлау болды.

Ең алдымен команда мүшелері ұжыммен «Кәсіби сұхбат» жүргізіп, жобаның мақсаты: «Қалыптастырушы бағалаудың белсенді тәсілдерін қолдану арқылы оқушылардың өзін өзі, өзара бағалау дағдыларын қалыптастыру» деп нақтыланды.

«Жол картасы» аясындағы жұмыс жоспарына сай 4 және 8 – сыныптар арасындағы айлық жоба жұмысы жүргізілді.

Оқушылардың білім сапасын арттыру, жоғары ойлау дағдыларына арналған бағалау тапсырмаларын әзірлеудегі қиындықтарды жеңу, тәжірибе алмасу мақсатында 4 «А» «Б» - сыныптарында «Білім - табысқа апарар жол» тақырыбында жаңа жоба жұмысы және тәрбие бағытында «Көне фотосуреттер тарихы» жоба жұмысы жүргізілді.

4-сыныпта «Білім - табысқа апарар жол» тақырыбымен өткізілген айлық жобада математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, ағылшын тілі, орыс тілі пәндерінен зияткерлік сайыстар өтті.

Бұл сайыстарды өткізу мақсаты:

*оқушылардың оқуға деген қызығушылығының артуы;

*іскерлік дағдысының дамуы;

*өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы;

*өздігінен оқып негізгі түйінді ойды анықтап алуы;

*мақсатқа өз бетімен ұмтылуы;

*ойлау белсенділігінің артуы;

*шығармашылық дағдысының қалыптасуы;

*өзіндік пікір айтуы;

*тілдік дағдыларының дамуы;

* өз ойларын еркін, ашық жеткізе алуға дағдыландыру.

Осы мақсатқа сай құлшыныспен оқуы үшін тиімді, қызықты, жаңашыл әдіс - тәсілдерді қолданылды.

Әр сайыста оқушылар топпен жұмыс жасады. Оқушылар өзара достық қатынаста болды, бір-бірінен сұрай отырып, білімдерін жетілдірді, шығармашылық белсенділігін арттырды. Сабақ бойы оқушылардың барлығы дерлік іс-әрекет үстінде, жұмыс жасау, іздену үстінде болды. Мұғалім осы іс-әрекетті ұйымдастырушы және басқарушы болды. Оқушылардан да соны талап етеді. Сайыс кезеңінде оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту үшін түрлі ойын түрлері пайдаланылды. Сайыс барысында оқушылар бір - біріне түсіндірді, топта талдады, зерделеді, өздері ұйымдаса отырып, ой қорытындысын жасап, жаңа тақырыпты ойлары мен пікірлерін постер қорғау арқылы дәлелдеп шықты. Оқушылардың талқылауына берілген тапсырмалар өз идеяларын жеткізе алуына көмектесті.

